

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Испания Корольдігі Үкіметінің арасындағы Жолаушылар мен жүктердің халықаралық автомобиль тасымалы туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі N 456-ІІ Заңы.

Мадридте 2000 жылғы 30 қазанда жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Испания Корольдігі Үкіметінің арасындағы Жолаушылар мен жүктердің халықаралық автомобиль тасымалы туралы келісім бекітілсін.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Испания Корольдігі Үкіметінің арасындағы Жолаушылар мен жүктердің халықаралық автомобиль тасымалы туралы Келісім

(2008 жылғы 11 қаңтарда күшіне енді – Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2008 ж., N 1, 3-құжат)

Бұдан әрі "Уағдаласушы Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Испания Корольдігінің Үкіметі,

мемлекеттер арасында халықаралық автомобиль қатынасы саласындағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту қажеттілігін басшылыққа ала отырып, екі мемлекет арасындағы, сондай-ақ олардың аумақтары арқылы транзитпен өтетін автомобиль қатынасын жүзеге асыруды жеңілдетуге ұмтыла отырып, осы мәселелерді өзара көмек, ынтымақтастық және өзара тиімділік рухында реттеуге тілек білдіре отырып, төмендегілер туралы келісті:

Қолдану саласы 1-бап

1. Осы Келісімнің ережелері Қазақстан Республикасы мен Испания Корольдігі арасында жолаушылар мен жүктерді халықаралық автомобильдік тасымалдауға, олардың аумақтары арқылы транзиттік тасымалдауға, сондай-ақ Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің аумақтарында тіркелген автокөлік құралдарымен үшінші мемлекеттерге немесе үшінші мемлекеттерден тасымалдауға қолданылады.

2. Осы Келісім Уағдаласушы Тараптардың мемлекеттері қатысушылары болып табылатын басқа да халықаралық шарттардан туындайтын Уағдаласушы Тараптардың құқықтары мен міндеттемелеріне ықпал етпейді.

Анықтамалар 2-бап

Осы Келісімде:

1. "Тасымалдаушы" термині Уағдаласушы Тараптардың бірінің мемлекеті аумағында тіркелген және осы Уағдаласушы Тараптың мемлекеті осы Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағында қолданылып жүрген ұлттық заңнамасына сәйкес ақы үшін немесе жал алу жолаушылар мен жүктерді халықаралық автомобильдік тасымалдауға рұқсат берген кез келген жеке немесе заңды тұлғаны білдіреді.

2. "Жүк автокөлік құралы" термині Уағдаласушы Тараптардың бірінің мемлекеті аумағында моторлы құрал тіркелген және жүктерді автомобильмен тасымалдауға ғана пайдаланылатын моторлы көлік құралын немесе автокөлік құралдарының (тіркемесі бар автомашина) қосарланған комбинациясын білдіреді.

3. "Жолаушы автокөлік құралы" (автобус) термині, жүргізуші орнын қоса алғанда, жолаушыларға арналған 9-дан астам орын саны бар, механикалық жетекпен жұмыс істейтін кез келген автокөлік құралын білдіреді.

4. "Жолаушыларды тұрақты тасымалдау" термині белгіленген кестеге сәйкес, жол бойы белгіленген аялдама пункттерінде жолаушылар отыратын және түсе алатын белгілі бір бағыт бойынша жолаушыларды автобустармен тасымалдауды білдіреді.

5. "Жолаушыларды тұрақсыз тасымалдау" термині, тұрақты болып табылмайтын, автобустармен жолаушыларды тасымалдаудың барлық басқа да түрлерін білдіреді.

Жолаушыларды тасымалдау 3-бап

Пайдаланылатын жолаушы автокөлік құралы тіркелген бір Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағы мен екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағы арасында жолаушылардың тұрақты тасымалы (екі жақты қатынас), сондай-ақ Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің бірінің аумағы арқылы транзиттік қатынас рұқсат беру негізінде жүзеге асырылады.

4-бап

1. Автобустармен жолаушыларды тұрақты тасымалдауға арналған рұқсаттар Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдарының өзара келісімі бойынша беріледі.

2. Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысының мемлекетінің құзыретті органы оның мемлекетінің аумағы арқылы өтетін бағыттың бөлігіне рұқсат береді.

3. Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары рұқсат шарттарын, атап айтқанда оның қолданылу мерзімін, көліктік операциялардың жиілігін, кестесін және қолданылатын тарифтерді, сондай-ақ тұрақты жолаушылар тасымалдарын кедергісіз және тиімді түрде жүзеге асыруға қажетті кез келген басқа да егжей-тегжейін бірлесіп анықтайды.

4. Рұқсаттарға арналған тапсырыстар оларды қабылдауға немесе қабыл алмауға құқығы бар, автокөлік құралдарын тіркейтін мемлекеттің құзыретті органдарына жіберіледі. Егер тапсырыс ешқандай қарсылық тудырмайтын болса, аталған құзыретті орган бұл туралы екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің құзыретті органдарына хабарлайды.

5. Тапсырыс - ұсынылатын кесте, тарифтер, бағыттары, жылдың рейстер орындалатын кезеңі мен уақыты және де тасымалдауды бастау жоспарланып отырған күні сияқты қажетті егжей-тегжейі мазмұндалған барлық құжаттарды қамтуы тиіс. Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары қажет деп есептейтін қосымша деректерді талап етуі мүмкін.

5-бап

1. Рұқсаттар жолаушыларды тұрақты емес, соның ішінде транзиттік тасымалдары кезінде, мыналар жүзеге асырылған жағдайларда талап етілмейді:

1) бүкіл сапар кезінде бір ғана автобус бір ғана жолаушылар тобын тасымалдау үшін пайдаланылатын, оларды қабылдаушы тараптың аумағынан әкететін "жабық есік" тасымалдауы; жүріп кету орны тасымалдаушы тіркелген Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағында болуы тиіс;

2) бір шетке бортында жолаушыларымен, кері бағытта жолаушыларсыз жүзеге асырылатын "бос қайту" тасымалдауы, бұл ретте жөнелту пункті тасымалдаушы тіркелген Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағында болады;

3) бір шетке бортына жолаушылар алмай жүзеге асырылатын "бос кіру" тасымалдауы, бұл ретте бүкіл жолаушылар белгілі бір жерде ғана бортқа алынады және де төмендегі талаптардың бірі (немесе бірнешеуі) орындалуы шарт:

- топты мінгізетін және сол аумақтың шегінен тысқары жерге алып кететін екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағына келгенге дейін қол қойылған тасымалдаудың келісім-шартына сәйкес жолаушылар бір топты құрайды;

- осы Баптың 2) тармақшасына сәйкес белгілі бір тасымалдаушы екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағына алдын ала әкелген жолаушылар, ол жерден олар кейінірек алынады да автокөлік құралы тіркелген Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағына әкетіледі;

- екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағына саяхат жасауға шақырылған жолаушылар, бұл ретте тасымалдау шығынын шақырушы тұлғаның өзі көтереді; мұндай жолаушылар біркелкі топ құрауы тиіс;

- осы Келісімде қамтылған халықаралық тасымалдарды орындау кезінде тек қана бұзылған және техникалық ақауы бар автобустарды алмастыру үшін пайдаланылатын бос автобустардың жүріп өтуі.

2. Осы Баптың 1-тармағында көрсетілген жағдайларда жүргізушінің автокөлік құралында тиісті түрде толтырылған жолаушылардың тізімі бар жол ведомосы болуы

тиіс. Жол ведомосында Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес Бірлескен Комиссия қол жеткізген уағдаластық негізінде жоғарыда аталған тармақтарда көрсетілген барлық сапарлары кезінде тасымалдаушының қолы мен мөрі болуы тиіс.

3. Бортында жолаушыларсыз орындалатын және осы Баптың 1-тармағының 3) тармақшасының ережелеріне бағынатын тасымалдар бортында әрбір нақты жағдайда тасымалдауды растайтын құжаттар (тасымалдауға арналған келісім-шарт, бортында жолаушыларымен бір бағытта жол жүруге, бортында жолаушыларынсыз мұның алдындағы кері бағытта жол жүруге арналған жол ведомосы немесе шақыру) болған жағдайда жүзеге асырылуы тиіс.

6-бап

Осы Келісімнің 5-бабында көзделмеген кез келген тұрақты емес жолаушылар тасымалдары үшін рұқсаттар талап етіледі.

Рұқсаттарға өтінім, аумағында тасымалдаушы тіркелген Уағдаласушы Тарап мемлекетінің құзыретті органдарына берілуі тиіс. Осы Уағдаласушы Тарап мемлекетінің құзыретті органдары бұл өтінімдерді өздерінің ұсыныстарымен бірге екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің құзыретті органдарына жібереді. Өтінімдер 30 күннің ішінде қаралады. Өтінімдер тасымалдаушының атауын, талап етілген рұқсаттың қолданылу мерзімін, жөнелту және жеткізу пункттерін қамтиды.

Осы Келісімнің 15-бабына сәйкес құрылған Бірлескен Комиссия өтінімдердің нысанын белгілейді.

Жүктерді тасымалдау 7-бап

1. 15-бапқа сәйкес құрылған Бірлескен Комиссия өзгеше шешетін жағдайларды қоспағанда, екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағында тіркелген автокөлік құралымен жүзеге асырылатын Уағдаласушы Тараптардың бірінің мемлекеті аумағына және аумағынан жүктердің барлық халықаралық тасымалдары үшін рұқсаттар алу қажет.

2. Рұқсаттар Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің аумақтарында тіркелген тасымалдаушыларға жоғарыда аталған аумақтарға кіруге, одан шығуға және ол арқылы жүріп өтуге мүмкіндік береді. Рұқсаттарды автокөлік құралы кімнің аумағында тіркелген болса, сол Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары береді.

3. Рұқсаттарды беруді жеңілдету үшін Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары рұқсаттардың келісілген санымен тепе-теңдік және өзара тиімділік негізінде алмасады. Рұқсаттарда қолы мен мөрі болуы тиіс.

4. 15-бапқа сәйкес құрылған Бірлескен Комиссия алмасуға жататын және екі шетіне де бір рет жол жүруге арналған рұқсаттардың үлгілерін белгілейді.

8-бап

1. Осы Келісімнің 7-бабында аталған рұқсаттар:

1) тек қана оқып үйрену, жәрмеңкелер мен көрмелер үшін арналған заттарды немесе материалдарды;

2) театр, музыка, кинематография, спорт және цирк іс-шараларына, сондай-ақ радиохабарларды жазу, кино және телевизиялық түсірулерге арналған жабдықтар мен керек-жарақтарды;

3) бұзылған жүк автокөлік құралдарын (кейін қарай жеткізу);

4) мәйіттерді, қайтыс болғандардың күлі салынған сауыттарды;

5) жүк автокөлік құралдарындағы тіркеменің толық салмағын қоса алғанда, барынша рұқсат етілген толық салмағы алты тоннадан аспайтын немесе тіркеменің пайдалы жүктемесін қоса алғанда, ең жоғарғы рұқсат етілген пайдалы жүктемесі үш жарым тоннадан аспайтын жүктерді;

6) дәрі-дәрмектерді, медициналық жабдықтар мен жарақтарды, сондай-ақ кезек күттірмейтін апатты жағдайлар мен стихиялық апаттар кезінде көмек көрсетуге арналған басқа да заттарды;

7) жануарларды (цирк және спорт іс-шаралары үшін);

8) тұрғындардың көші-қоны кезінде мүлікті (үй жиһаздары мен үй аспаптары);

9) пошта жөнелтілімдерін;

10) қайырымдылық жүктерін тасымалдау үшін талап етілмейді.

2. Осы баптың 1-тармағының 1), 2) және 7) тармақшалары оларда көрсетілген заттарды кері әкеткен немесе одан әрі үшінші елдерге тасымалдаған жағдайларда ғана қолданылады.

Жалпы ережелер 9-бап

Бір Уағдаласушы Тарап мемлекетінің тасымалдаушыларына екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағында орналасқан екі пункт арасында жолаушылар мен жүктерді тасымалдауға тыйым салынады.

10-бап

1. Автокөлік құралының салмағы мен көлеміне қатысты, әрбір Уағдаласушы Тарап екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағында тіркелген автокөлік құралдары үшін, өз мемлекетінің аумағында тіркелген автокөлік құралдарына белгіленгенінен анағұрлым қатаң шарттарды белгілеуге міндеттенеді.

2. Автокөлік құралының салмағы мен көлемдері автокөлік құралының ресми тіркеліміне сәйкес болуы тиіс.

3. Егер Уағдаласушы Тараптардың бірінің мемлекетінде тіркелген автокөлік құралының салмағы және/немесе көлемдері екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағында қолданылатын салмақтың және/немесе көлемдердің ең жоғарғы рұқсат етілетін параметрлерінен асып түсетін жағдайларда арнайы рұқсаттар талап етіледі.

4. Автокөлік құралының жүргізушісінде, ол басқаратын көлік құралының санатына сәйкес келетін ұлттық немесе халықаралық жүргізуші куәлігі және 1968 жылғы 8 қарашада Венада жасалып Жол қозғалысы туралы Біріккен Ұлттар Ұйымының Еуропалық Экономикалық Комиссиясы Конвенциясының талаптарына жауап беретін автокөлік құралына арналған ұлттық тіркеу құжаттары болуы тиіс.

11-бап

Әкелу кезінде қолданылатын кедендік баждарды, кедендік ресімдеу үшін алымдарды және салықтарды төлеуден Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағына автокөлік құралымен әкелінетін:

- егер отын бактерін өндіруші автокөлік құралының тиісті үлгісі үшін көздесе, екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағына кірген сәттегі автокөлік құралдарының отын бактеріндегі жанармай, сондай-ақ рефрижератор қондырғыларының жұмысы үшін қажетті тіркемедегі немесе жартылай тіркемедегі жанармай;

- тасымалдау кезінде қалыпты тұтынуға қажетті мөлшердегі жағармай материалдары;

- халықаралық автокөлік тасымалдарын жүзеге асыру кезінде істен шыққан автокөлік құралдарын жөндеу үшін қажетті қосалқы бөлшектер мен саймандар босатылады. Пайдаланылмаған қосалқы бөлшектер, сондай-ақ ауыстырылған қосалқы бөлшектер елден шығарылуы, не жойылуы, не тиісті Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағында белгіленген тәртіппен айналымға түсуі тиіс.

12-бап

Осы Келісімге сәйкес орындалатын тасымалдар қабылдаушы мемлекетте кемсітпеушілік қағидаты негізінде жол желілерін немесе көпірлерді пайдаланғаны үшін өндіріп алынатын салықтар мен алымдардан босатылмайды.

13-бап

Тасымалдаушылар және олардың автокөлік құралдарының экипаждары екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағында тасымалдауды орындаған кезде, осы Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағында қолданылып жүрген ұлттық

заңнамаларды, сондай-ақ Уағдаласушы Тараптар мемлекеттері қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттардың ережелерін сақтауға міндетті.

14-бап

Егер Уағдаласушы Тараптардың бірінің мемлекетінің тасымалдаушысы екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағында осы Келісімнің ережелерін бұзса, аумағында бұзушылық орын алған Уағдаласушы Тарап мемлекетінің құзыретті органдары өз аумағында қолданылатын кез келген заңды жазалау шараларына құқығын сақтай отырып, өзінің ұлттық заңнамасында көзделген шараларды қолданатын екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің құзыретті органдарына бұзушылық туралы хабарлайды. Уағдаласушы Тараптардың екі мемлекетінің құзыретті органдары өздері қабылдаған шаралар туралы бір-бірін хабардар етеді.

15-бап

1. Осы Келісімнің орындалуы мен қолданылуына байланысты барлық мәселелерді шешу мақсатында Уағдаласушы Тараптар, мемлекеттердің құзыретті органдарының өкілдерінен тұратын Бірлескен Комиссия құрады.

Осы Келісімді қолдану бойынша Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары мыналар болып табылады:

Қазақстан Республикасында:

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі.

Испания Корольдігінде - Даму министрлігі, Автомобиль көлігі жөніндегі Бас Басқарма.

Уағдаласушы Тараптар құзыретті органдарға қатысты өзгерістер туралы хабарлайтын болады.

2. Бірлескен Комиссияның мәжілістері Уағдаласушы Тараптардың бірінің мемлекетінің құзыретті органдарының ұсынысы бойынша өткізіледі.

3. Бірлескен Комиссия қажет кезде басқа құзыретті органдардың қатысуымен осы Келісімді өзгерту немесе Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің заңнамаларына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес келтіру жөніндегі ұсыныстарды әзірлейді. Уағдаласушы Тараптар осы Келісімнің ережелерін түсіндіру мен қолдануға байланысты туындауы мүмкін барлық дауларды Бірлескен Комиссияның келіссөздері мен консультациялары арқылы шешетін болады.

16-бап

Осы Келісім ережелерінің Уағдаласушы Тараптар келіскен кез келген өзгерістері мемлекетішілік рәсімдердің орындалғаны туралы әрбір Уағдаласушы Тарап

дипломатиялық арналар бойынша жазбаша түрде құлақтандырылғаннан кейін күшіне енеді.

17-бап

Осы Келісім Уағдаласушы Тараптар осы Келісімнің күшіне енуіне қатысты мемлекетішілік рәсімдерді олардың орындағаны туралы өзара негіздегі жазбаша нысанда дипломатиялық арналар бойынша бір-біріне хабарлағаннан кейін 30 күн өтісімен күшіне енеді.

18-бап

Осы Келісім белгісіз мерзімге жасалады және Уағдаласушы Тараптардың бірі оның қолданысын тоқтату ниеті туралы екінші Уағдаласушы Тарапқа жазбаша хабар жіберген күннен бастап 6 ай өткенге дейін күшінде болады.

Мадрид қаласында 2000 жылғы 30 қазанда, әрқайсысы қазақ, испан, орыс және ағылшын тілдерінде екі дана болып жасалды және де барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушілік туындаған жағдайда, ағылшын тіліндегі мәтінге басымдық берілетін болады.

*Қазақстан Республикасының
Испания Корольдігінің
Үкіметі үшін Үкіметі үшін*

(РҚАО-ның ескертуі. Бұдан әрі Келісімнің ағылшын тіліндегі мәтіні берілген)